

"Жалғыз терезе" қағидаты бойынша халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 15 қыркүйектегі N 256-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысымен бекітілген "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындаудың желілік кестесінің 57.10-тармағына сәйкес:

1. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында "жалғыз терезе" қағидатын іске асыру мақсатында қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмыс жоспары (бұдан әрі - 1-жоспар);

2) Қазақстан Республикасының заңға тәуелді кесімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмыс жоспары (бұдан әрі - 2-жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет, Қаржы министрліктері және Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне заң жобаларын 1-жоспарда белгіленген айдың 20-сы күнінен кешіктірмей ұ с ы н с ы н ;

2) 2-жоспарға сәйкес нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеуді, бекітуді және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 15 қыркүйектегі
N 256-ө өкімімен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне
өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі
жұмыс жоспары**

			Ұсыну мерзімі	

P/c N	Заң жобасының атауы	Әзірлеуші мемлекет- тік орган	Әділет-мині	Үкімет	Парла- мент	Жауапты тұлға
	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық кесімдеріне "Жалғыз терезе" қағидаты бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмыс істеуі (қызметі) мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы	Әділетмині	2005 жылғы қараша	2005 жылғы желтоқсан	2006 жылғы қаңтар	С . М . Бекбосынов

Аббревиатураның толық жазылуы:

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 15 қыркүйектегі
N 256-ө өкімімен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының заңға тәуелді кесімдеріне
өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмыс жоспары**

P\с N	Нормативтік құқықтық кесімнің атауы	Кесімнің нысаны	Орындалу мерзімі	Орындауға жауапты мемлекет - тік орган
1	2	3	4	5
1	"Паспорттар, жеке куәліктер мен азаматтық хал актілеріндегі Қазақстан Республикасы азаматтарының ұлты туралы жазбаны өзгерту Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 17 тамыздағы N 684 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Үкімет қаулысы		Әділет минінің ТҚК

2	"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 Заң күші бар Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 ақпандағы N 236 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Үкімет қаулысы	Әділет министрінің ТҚК
3	"Қазақстан Республикасында азаматтық хал актілері жазбаларын өзгерту, қалпына келтіру және жою туралы ережені, азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарының нысандарын және осы кітаптардағы жазбалардың негізінде берілетін куәліктердің нысандарын және Қазақстан Республикасында азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібі туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы N 620 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Үкімет қаулысы	Әділет министрінің ТҚК
4	"Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Үкімет қаулысы	Әділет министрінің ТҚК
5	"Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 қыркүйектегі N 958 қаулысына өзгерістер	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық	ЖРА

	мен толықтырулар енгізу туралы	Үкімет қаулысы	кесімдеріне "Жалғыз терезе" қағидаты бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмыс істеуі (қызметі) мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының заңы қабылданған күнінен бастап екі ай ішінде	
6	"Медициналық мекемелердің, азаматтық хал актілерін тіркеу органдарының, әлеуетті құрылымдар мен зейнетақыларды және жәрдемақыларды республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асыратын ұйымдардың тиісті қызметтерінің құжат айналымдарын, қайтыс болу, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін көшіп кету фактілерін растайтын құжаттарды тіркеу мен ұсынуды уақытында қамтамасыз ету жөніндегі өзара іс-әрекеттері туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2000 жылғы 5 мамырдағы N 106-П, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 1 тамыздағы N 75 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі төрағасының 2000 жылғы 15 мамырдағы N 291 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің, Әділет министрінің және Денсаулық сақтау министрінің бірлескен бұйрығы		Еңбекмині, Әділетмині, ДСМ
7	"Салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша есепке қою, қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлікті беру және қосылған құн салығын төлеушіні қосылған құн салығы бойынша есептен шығару ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс министрінің 2001 жылғы 15 желтоқсандағы N 1736 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қаржы министрілігінің Салық комитеті төрағасының бұйрығы		Қаржыминің СК

8	"Қазақстан Республикасы-ның салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кіріс министрінің 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының бұйрығы	Қаржыминінің СК
9	"Дербес шоттарды жүргізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 23 желтоқсандағы N 530 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының бұйрығы	Қаржыминінің СК
10	"Қазақстан Республикасы-ның халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін әділет органдарының қолдануы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 74 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Әділет министрінің бұйрығы	Әділетмині

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

1. Әділетминінің ТҚК - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті
2. ЖРА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі
3. Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
4. Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
5. ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
6. СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
7. Қаржыминінің СК - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті

